

7. Сборник законодательных актов «Образование в РК» / Под ред. М.М. Кузембаева. — Алматы, 2003.
8. Аязбекова Р.А. Высшая школа Республики Казахстан и международное сотрудничество // «Международные отношения: теория–практика–поиск»: Материалы междунар. науч.-практ. конф. — Алматы: КазГУМОиМЯ им. Абылай хана, 1999. — 458 с.

ӘОЖ 796.015

Жауынгерлік өнердің дамуындағы ұлттық ойындардың рөлі

Бөжиг Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается история казахских национальных игр в подготовке к военному делу. Анализируется научно-исследовательская, историко-педагогическая деятельность в процессе изучения истории казахских национальных игр. В статье выделены виды казахских национальных игр, которые способствуют развитию у детей таких качеств, как ловкость, организованность, ответственность, терпеливость и любовь к народному творчеству.

The article discusses the history of Kazakh national games in preparation for the military arts. Analyze scientific research, historical and educational activities in the process of studying the history of Kazakh national games. The article identified species of Kazakh national games. National games helps children in such qualities as skill, organization, responsibility, patience and love of folk art.

Қазақ халқы — материалдық (қазба байлық) мұраға қоса мәдени-рухани қазынаға да аса бай халықтардың бірі. Ұлттық ойындарды бүгінгі замандастарымыз бен жас ұрпақтарымыздың оқып-үйірене отырып, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуларына, көздеген мақсаттарына саралап, жете білуіне, дәстүрлер жалғастығын өрістете отырып, өткен мен бүгінін байланыстыра білуіне септігін тигізбек.

Қазіргі тарихи ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, күні бүгін бізге жеткен ұлт ойындарының қалыптасу кезеңі сонау адамзат баласы жаратылған күннен, демек Қазақстан жеріне қалыптасқан алғашқы қауымдастық құрлыстан басталады.

Міне, бізге жетіп ойыналып жүрген ұлт ойындарының ішіндегі аламан бәйге, әр түрлі құмалақ ойындар, садақ ату, қараиге (найза лақтыру), күрес, сайыс, тағы басқалар шамамен 5000 жыл бұрын ойналғаны жайында ағылшын ғалымы Э.Маккей: «... бұл ойындардың барлығы дерлік Азия елдерінде тайпалық одақтар арасында тарағанға ұқсайды», — дейді.

Бұл пікірді растап, италия саяхатшысы Марко Поло Жетісу бойына жасаған сапарында көрген «Қызбөрі» ойыны да Қазақстан аумағындағы тайпалардың пайда болған кезінде, яғни таптық қатынаспен бірге, туындағаны, жайлы жазады. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты туып, дамып отырғандығына қазақ халқының ұлттық ойындармен таныса отырып көзім әбден жетті [1].

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, заманымыздың аса көрнекті жазушысы М.О.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыруға ғана емес, ойынның өзінше ерекше мағыналары болған», — деп тегіннен тегін айтпаса керек [2].

Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен де мәнді-мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз, өйткені ең алдымен ненің болсын бас алып, жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі.

Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық-мәдени өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі, көрінісі де болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі.

Ұлттық ойындар балалардың батылдық, ептілік, ұйымшылдық, жауапкершілік, төзімділік, халық шығармашылығына деген сүйіспеншілік тәрізді жақсы қасиеттерін дамытады.

Ұлттық ойындарды екі топқа бөлуге болады. Олар қимыл-қозғалыс және спорттық элементтері бар ойындар.

Басқа халықтар сияқты, қазақтардың да ұлттық ойындарының пайда болуы мен даму тарихы тым әріден басталады. Оның тұрмыс-тіршілігінде салт, ғұрып, дәстүрлеріне байланысты жиын-тойлар, басқосулар ерекше рөл атқарған. Оларға үйлену тойы, жас нәрестенің дүниеге келуі, жауды жеңуге байланысты той-думандар мен басқада көптеген ұлттық мерекелерді жатқызуға болады. Осындай жиындарда бәйге, күрес, сайыс, көкпар сияқты түрлі ұлттық ойындар өткізілді.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының ішіндегі ең көп тараған ат спорт ойындары екені сөзсіз.

Бәйгі — қазақтың ат спорт түрлерінің ішіндегі халық арасына ең көп тараған түрлерінің бірі. Бәйгі алысқа шабатын — аламан, жақын жерге шабатын ұшқыр бәйге болып бөлінеді. Бәйгінің бір ерекшелігі — ойлы-қырлы, дөнесі бар жерлермен өткізілетіндігінде.

Қыз қуу — бұл ұлттық спорт ойындарының ең қызықты әрі өз ерекшелігі бар ойын түрі. Ол дене жаттығу ретінде біздің дәуірімізден бұрын пайда болған. Алғашқы кезде оның соғыстық маңызы болған. Қыз жауынгерлерге бірсыпыра шарттар қойылған. Олардың бірі — ат жарыстыру. Егер жауынгер ұтылып қалса, ол қызға үйлене алмайтын болған. Өте ертедегі кейбір әдеттер ХХІ ғасырға дейін ұмытылмай келген.

Ұлттық ат ойыны, аламан бәйге алғашқы қауымдық құрылыс ыдырай бастаған, жеке меншік үстем еткен, тонаудың құралына айналған соғыстар шыға бастаған кезде пайда болды деп жорамалданады [3].

Тарихи әдебиетте соғыстың бір түрі қарулы атты жасақтың шабуылы — аламан деп аталады. Шабуылға қатысушы Жауынгер аламан аталған. Ол жақсы қару-жарағымен бірге, салт жүруді жете білуге тиіс болған. Аламандықтың бейнесі ретінде ат спорт жарыстары — аламан бәйге қалыптасып дамиды. Оның мақсаты ұрысқа епті, қиындыққа төзімді аламандарды-жауынгерлерді тәрбиелеу еді.

Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың негізгі кәсіптерінің бірі — аңшылық, келе-келе жекелеген тайпа мүшелерінің қоғамдағы орны мен ролін анықтайды. Осыдан барып тайпа аңға шығарда жасаған «дайындық жаттығулары негізінде «қараиге» ойны пайда болады. Бұндай ойындарды бала кезінен ойындардың арқасында көшпелі тайпалалардың әскерлері соғысқа мықты, төзімді, найза лақтырғанда мерген кесек батыр тұлғалы болып келді, олар жекпе-жекте жауларын оңайлықпен дес бермеген.

Қамшы — қорғануға, қарсыласын алып жығуға арналған суық қару. Қамшыгерлік — қорғана білетін және жауын жайратып салатын машық (мамандық).

Қамшы — әркімнің қолында жүретін жабдық және елеусіз суық қару. Бірақ қолында қамшы жүргенімен, оны қару ретінде пайдалану көрінгеннің қолынан келе бермейді. Қамшылы адам — сырттай қарағанда қарулы адам. Ал қамшыгерлер өздерін «елеусіз қаруға иемін» деп санайды. Халықтың салт-заңында қамшыгерлердің қарапайым адамды қамшымен ұруына тыйым салынған [4].

Бұл спорттық ат ойындарының қайсысы болмасын жігіттердің күштілігін, қайраттылығын, ат үстіндегі шеберлігін байқатады.

Ат ойындарының тәрбиелік маңызы мұнымен ғана шектеліп қойған жоқ. Көшпелі халықтың белгілі бір жүйеге келтірілген тұрақты бір армиясы, әскери құрал-жабдықтарын арнайы жасайтын кәсіпорындары болмағанын біздер тарих пен халық ауыз әдебиетінен жақсы білеміз. Демек көшпелі халықтың өз алдына дербестігін қорғап қалуы бес жастағы баладан сексендегі қарияға дейін ат құлағында ойнайтын қанына сіңген жауынгерлік қасиетінен болған десек, ешбір қателеспейміз. Дәлірек айтқанда, кезіндегі әскерлердің соғыс тәсілдері мен айласы тек ат үстінде жүріп, садақпен көздегенін мүлт жібермеуінде, қылыштасып және найзаласып білуінде болған.

Міне, күні бүгінгі біздерге жеткен толып жатқан батырлар жырлары мен эпостар осыны жырлайды. Тіпті садақ, қылыш, найзаны былай қойғанда, қазақтың алты, сегіз, он екі өрімді қамшысы да соғыс қаруы болған. Ол өзінің қарсы келген ат үстіндегі жуан емес, тіпті оның астындағы атының маңдайынан қамшымен ұрып құлатып отырған.

Ертедегі Қазақстан жеріндегі рулардың қалыптасу кезеңдері мен этнографиясы, ойын-сауықтары мен мәдениеті жайындағы деректер ХІІІ–ХVІІІ ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақ жерінде болған Еуропа саяхатшылары еңбегінде жинақталған. Оны алғаш Еуропа жұртшылығына таныстырған италия саяхатшылары Платано Карпини пен Марко Поло, Вильгельм Рубруктер екенін білеміз.

Қазақтың ұлттық ойындарының көбі әскери-қолданбалы жаттығу түрінде қалыптасып дамыған, атап айтқанда: күрес, сайыс, садақ ату, қараигі (найза лақтыру), теңге алу, қыз қуу, аламан бәйге т.б.

Жиһангер Марко Поло: күрес өнері сақ елінде өркендеп, өсіп, әскери-қолданбалы жаттығудың бір түріне айналғанын және жігіттермен бірге қыздардың да күрескенін жазған [5].

Рим папасы Иннокентий IV тапсырмасымен монах Пано Карпани 1243 жылы Ватиканнан шығып, 1246 жылы Қарақорымға Күйік қаһанға жеткен еді. Карпани тек қазақ жерінің өзімен түстене-жастана жүріп отырып бір жылдан астам уақыт сапар шекті. Осы сапар жайлы жолжазбаларында ол көшпенділердің сол кездегі тұрмыс-салты туралы жан-жақты мол мәліметтер қалдырды. «Жігіттері шетінен мерген, нысанаға алғандарын қалт жібермейді», — дей келе Карпани, — Балаларын екі-үш жасында атқа отырғызады, қыздары мен әйелдері де атта жақсы шабады.

Олардың жылқы түлегіне деген сүйіспеншілігі мен көзқарастары ерекше, басқа мал түліктерін де жақсы күтеді, ер-тұрман мен ат әбзелдерін әшекейлеуге ерекше назар аударады, әйелдері садақты жігіттерден кем тартпайды, еркектерінің қару-жарақ жасау мен малға қараудан басқа жұмыстары жоқ.

Кейде аң аулайды. Бір ғажабы, олардың еңбектеген балаларынан бастап еңкейген қарттарына дейін шетінен аңқос, әрі мерген. Әсіресе ат үстінде ұзақ жүрудегі шыдамдылықтарына таң қалмасқа болмайды, мұнда да әйелдері ерлерінен бірде-бір кем түспейді», — деп жазады.

«Садақ, оның кермесі, жебесі, — дейді Ф. Энгельс, — сол кездің өзінде-ақ ең күрделі қару болып, алды бұл қаруды ойлап шығару, ұзақ уақыт жинақталған тәжірибенің, өткір ақыл ой күшінің болғандығын көрсетеді, олай болса, жұрттың сонымен қатар толып жатқан басқа өнерлерді де білгендігін көрсетеді», — деп айтқан [6].

Ұлттық ойын садақ ату (жамбы ату) алғашқы да әскери қолданбалы өнерде мергендікке машықтану мақсатында қалыптасып дамыса, бүгінде ұлттық спорт ойыны бағытында дамып отыр.

Ата-баба дәстүрі арқылы қанымызға сіңген күрес, сайыс, найзаласу, садақ ату, бетпе-бет келген қарсыласының жанды жеріне соға білу көшпелі өмірде дене тәрбиесінің күрделі болғанын білдіреді.

Тартыс — қарусыз айқас өнері. Қарусыз айқас шығыс халқына тән және танымал өнер. Қазақ қарусыз айқаса білген. Қарусыз айқасу элементтері ат үстінде отырудан, асауды бұғалық лақтырып ұстаудан, қойды қуалап ұстаудан, малды пышақсыз реп союдан, бұқаны мүйізінен ұстап ұрып құлатудан, шалғы тартудан, қол диірмен тартудан, малдас құрып отырудан құрылады, солар арқылы ширатылады.

Біз ұлттық ойындарымыздың қалыптасып даму тарихын зерттеп саралай келе, қазақ халқының жауынгерлік өнерінің дамуы мен жетілуінде ұлттық ойындардың маңызы өте зор болған деген қорытынды жасауымызға мүмкіндік туды.

Олай деп сенімді түрде айтуымызға қазақ халқының ұлттық ойындарының қолданбалы — дене тәрбиесіне жатуымен қатар әскери-қолданбалы өнер ретінде халық арасында әскери өнердің элементтеріне машықтануға мүмкіндік тудырып отырған.

Қазақ даласында әр түрлі қызық той-думандар ұйымдастырылып өткізіліп отырғандығы, онда халықтың көңілін көтеру үшін көптеген ұлттық ойындар ойыналғандығын білеміз.

Бұл, бір жағынан, халықтың көңілін көтеру болса, екінші жағынан — палуандар күресінде алып күш иесі анықталса, жамбы атуда мергендік сыналса, көкпар және сайыс ойындарында ат үстіндегі шеберліктерімен күштіліктері сынға түссе, қыз қуу мен теңге ілуде ат құлағында ойнайтын ептіліктері анықталған, бәйгеде аттың жүйірігін таңдауға мүмкіндік беріп отырған.

К е с т е

Ұлттық ойындардың жауынгерлік өнердің дамуындағы қызметі

Р/с №	Ұлттық Ойындар	Қандай жауынгерлік өнердің дамуына жағдай жасады?	Қандай жауынгерлік өнерге машықтануға мүмкіндік берді?
1	2	3	4
1	Аламан бәйге	Аттың жүйірігін таңдауға	Қуса жетер, қашса құтылар тұлпарларды тануға
2	Көкпар ойыны	Жігіттің ат үстіндегі отырысын, ауыр затты аттан түспей-ақ жерден іліп алуға машықтану	Шайқас үстінде аттан құлап қалған серігін шабуыл алаңынан алып шығуға
3	Аударыспақ	Жекпе-жекке шыққанда қарсыласын аттан аударып түсі-	Шайқас барысында қарсыласын атынан аударып кетуге.

1	2	3	4
		руге	Шайқас барысында жау адамын барымталап кетуге
4	Теңге ілу	Атпен шауып келе жатып жерден қалаған затын іліп алуға	Атпен шауып келе жатып жерде кез келген затты (кылыш, найза, қалқан, шокпар, айбалта т.б) іліп алуға
5	Қыз куу	Қыздарымыздың атты өздігінен мініп жүрулеріне	Шапқыншылық кезде жігіттерімізбен қатар қыздардың сапка тұруларына
6	Жамбы ату	Мергендік өнердің дамуына	Садақшыларды таңдауға
7	Қараиге	Найза лақтыру өнерінің дамуына	Найзагерді таңдауға. Сүнгі лақтырушыларды таңдауға
8	Тұмақ ұру	Шокпар сілтеу өнерінің дамуына	Шокпаршыларды, гүрзішілерді таңдауға
9	Таяқ лақтыру	Айбалта және пышақ лақтыру өнерінің дамуына	Айбалташыларды таңдауға
10	Шыбық шабу	Қылыштасу өнерінің дамуына	Қылыш және семсерді шебер меңгерген адамдарды таңдауға
11	Шалма салу	Шалма салу, құрық тастау өнерінің дамуына	Қашып бара жатқан жылқы немесе жау әскеріне шалма салып ұстауға
12	Қамшы ұру	Қамшыгерлік өнердің дамуы	Қарусыз жағдайда қарсыласты қамшымен ұрып аттан құлатуға. Қарсыластың қарусыз көзін жоюға машықтануға
13	Ұлттық күрес	Күш сынасу өнерінің дамуына	Күші басым мықты азамат кез келген қауіп-қатерге төзе алады және тойтарыс бере біледі деп саналған

Біз осы алынған нәтижелерімізді саралай келе (кестені қара) ұлттық ойындардың қайсысы қандай жауынгерлік өнердің дамуында қандай рөлін атқаратынын анықтауымызға мүмкіндік алдық.

Бұл дегеніміз қазақ даласында жауынгерлік өнерге машықтануға болатын дала мектебінің болғандығына айқын дәлел. Осындай ұлттық ойындарды үнемі жылдық төрт мезгілінде бірдей дамытуға болатыны, әрі азаматтарымыздың әрдайым өздерінің әскери машықтарын ойын-сауық барысында әрдайым жетілдіріп, шыңдауларына мүмкіндік болып отырғанының негізі.

Халқымыз жасөспірімдердің ержүрек жауынгер болып өсу үшін төмендегідей ойындар ойынатқан:

- тартыспақ — *арқан тарту, садақ тарту, көкпар тарту, аударыспақ* т.б.;
- шабыспақ — *қылыштасу, семсерлесу* т.б.;
- тастамақ — *арқан тастау, шалма түсіру, бұғау салу* т.б.;
- атыспақ — *тас ату, найза лақтыру (қараиге), тұмақ ұру* т.б.;
- алыспақ — *белдесу, күресу, жұдырықтасу* т.б. [7].

Ұлттық ойындар халық педагогикасының құрамдас бөлімі ретінде, өзін дүниеге әкелушілердің есеюіне, ақыл-ойының жетіліп, өмірге құштарлығының артуына, дене қуатының, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасып жетіле түсуіне игі әсерін тигізеді. Ұлттық ойындардың осы қызметін жақсы тани білген өркениетті елдер оны жоғары бағалап, ұмыт болудан сақтап, оны жиып-теріп қағаз бетіне түсіріп зерттеу нысанына айналдырып келе жатқаны баршаға аян.

Қазіргі кезде де қазақтың қимыл-қозғалыс, тапқырлық, ептілік, төзімділік, ой-қиял ұшқырлығына, бірлесіп атқаратын қимылдар үйлестігіне баулитын ойындарды тәрбие жүйесіне енгізілуде. Олар тек дене шынықтыруға ғана емес, жас ұрпақтың, туған халықтың өткен жолын, тарихын, тілін, әдет-ғұрпын жақынырақ білуге де көмектеседі.

Ұлттық ойындар балалардың батылдық, ептілік, ұйымшылдық, жауапкершілік, төзімділік, халық шығармашылығына деген сүйіспеншілік тәрізді жақсы қасиеттерін дамытады.

Төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық өзін-өзі тежеу сияқты қасиеттердің қажеттілігін алғаш сезіну осы ұлттық ойындардан басталады. Ұлттық ойындарды өткізу мына кезеңдерден тұрады.



Ұлттық ойындар халық педагогикасының аса белсенді, үнемі өзгеріп, жетіліп отыратын, тот баспайтын, өмірге үздіксіз келіп жататын ұрпақ арқылы жаңара беретін бөлігі болып табылады. Сондықтан оның атқарар қызметінің өрісі кең, салмағы ауыр.

Ол салауатты өмір салтын мұрат тұтқан, елі мен жерінің қамын ойлайтын ұлтжанды, отансүйгіш патриот, адам баласын бауырым деп өзіне тарта білетін, жолдастық пен достықты бағалай алатын, басқадан үйренуді жатсынбайтын жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастырудың қуатты құралы.

Ұлттық ойындар – жеке адамдардың игілігіне асатын, ұлт өкілдерін түгел қамтитын ұлтқа тән рухани қазына. Ұлтқа тән дейтініміз, ұлттық ойындары сол ұлттың өсіп жетілу барысында пайда болып, оның мыңдаған ұрпағының рухани азығына айналып, ұлттық болмысымен өзіндік ерекшелігін қалыптастыруға игі әсерін тигізетін, ұлттық ерекшеліктің бір қыры болып табылады.

Ұлттық ойындар балалардың батылдық, ептілік, ұйымшылдық, жауапкершілік, төзімділік, халық шығармашылығына деген сүйіспеншілік тәрізді жақсы қасиеттерін дамытады.

Дене тәрбиесі жұмысы барысында балаларға интернационалдық тәрбие беру мақсатымен тек қазақ халқының ұлттық ойындапры ғана емес, басқа халықтардың ойындарын пайдаланған орынды.

Ұлттық ойындарды ұйымдастыру, өткізу жұмысында, ұстаздардың көңіл бөлетін негізгі кезеңдерінің бірі балалардың ойын тәртібін қатаң сақтауын қадағалау болып табылады. Ойын тәртібін сақтау балаларды адалдыққа тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Тиникеев М.* Мир национального спорта. — Алматы: Қайнар, 2001. — 305 с.
2. *Усин Ж.* Қазақтың ұлттық ойындарының пайда болуы және даму тарихы // Ұлағат. — 2006. — № 5. — 65–70-б.
3. *Төтенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: Қайнар, 1994. — 144-б.
4. *Жәнібекұлы Р.* Қамшыгерлік // Sport kz. — 2006. — 5 қант. — 7-б.
5. Марко Поло // М.: Госиздат. геогр. лит. — 1955. — С. 17.
6. *Төтенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары — шетел ғалымдарының көзімен / Зерде. — 1991. — № 10. — 12–20-б.
7. *Нақыбай Г.* Ұлттық ойындарды игерту // Биология және салауаттылық негізі. — 2003. — № 3. — 17–21-б.